

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**«Педагогика және психология» кафедрасы**  
**«Педагогика және психология» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет**  
**мәжілісінің**  
**№4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы.

21.04.2023 ж.

**Қатысқандар:**

АК төрағасы п.ғ.к., доцент м.а. С.Алимбекова АК мүшелері: п.ғ.к., доцент.А.К.Рысбекова, п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, п.ғ.к., доцент.П.Қ.Искакова, PhD, аға оқытушы Әсел Тасова, доцент Ж.Қ.Дүйсенова, магистр-оқытушы Д.С.Жаркинбаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі М.Әбенова атындағы орта мектеп КММ директоры Т.М.Меңдібаева, білімгерлер өкілі: 8D011-«Педагогика және психология» БББ докторанты А.Лауланбеков, 7M011-«Педагогика және психология» БББ магистранты С.Қасымбай.

**Шақырылған:** Шахабаев Е.Ш. оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

**АК хатшысы:** Паштанов Султан - магистр-оқытушы.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбында семинар, тренинг ұйымдастыру.
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау.
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнының оқыту стратегиясын анықтау.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**1.Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау» тақырыбында. кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент А.Қ.Рысбекова сөз алып, қысқаша мәлімент берді:

- «Педагогика және психология» ББ іске асыруға мүмкіндігі жетеді, бірақ толық қанды ББ-ға қажетті нәрселермен қамтамасыз ету мәселесіне аса назар аударылып жатқан жоқ. Ең алдымен айта кететін нәрсе ол ББ пәндерді практикалық жағынан пысықтайтын арнайы жабдықталған кабинеттердің болмауы. Осы мәселе бойынша соңғы екі жылда кем дегенде 3 қызмет хат жазылды, бірақ түрлі себептерге байланысты әлі іске аспады. ББ пәндер және таңдау компоненттері бәсекеге қабілетті және мамандандырылған жас мамандау дайындауға лайық, бірақ тәжірибе жағынан толық қанды дайындауға, дағдыларын дамытуға мүмкіндіктеріміз шектеулі болып тұр. Осы мәселеге байланысты басшылыққа ұсыныс және қызмет хат әзірлеу қарастырылып жатыр

**2.Тыңдалды.** ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселесі жоспарға сәйкес АК мүшелерімен жүзеге асты. Аталған мәселеге байланысты қосымша №9 жасалынып, оқытушылар жоспар бойынша өтіп жатқан пәндеріне сәйкес бағыттары бойынша біліктілікті дәлелдеуші құжаттары тізімде жаңартылып отырады. Жалпы кафедра бойынша пән оқытушыларының біліктілік сертификаттары бар және талаптарға сәйкес келеді. Келесі оқу жылына БББ қосылған жаңа пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарлануда.

**3.** ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.

«Педагогика және психология» бойынша БББ әзірлеуде оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету мәселесіне аса назар аударылады. Осы уақытқа дейін БББ әдебиеттермен қамтамасыз ету кафедра ұжымы тарапынан іске асырылып отырды. Сонымен қатар кафедра және факультет тарапынан қажетті оқулықтар мен оқу

құралдарына, қажетті әдебиеттердің тізімі, данасы, баспаханасы және бағасы нақтыланған университет басшысы атына қызмет хаттар жазылды.

**Шешім:** Бакалавр деңгейіндегі БББ нәтижелі іске асуына байланысты мәселелер ары қарай қарастырылып, қажетті жұмыстар жалғасуда.

**Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.** АК торағасы С.Алимбекова: - Құрметті АК мүшелері сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдауға келетін болсақ: 1-ші мәселе бойынша әкімшілік тарапынан «Педагогика және психология» БББ бойынша студенттерді практикалық жағынан даярлауға практикалық кабинеттерді бөлу және қажетті заттармен қамтамасыз ету мәселесі әліде ашық деп айтуға болады. 2-ші мәселе бойынша біліктілікті арттыру жоспарланып, мекемелермен келіс сөздер жүргізілуде. Бұл жұмыстарды одан әрі жалғастыратын боламыз.

**Шешім:** Сәуір айында бакалавр деңгейіндегі БББ әзірлеу жұмыстарында, біріншіден «ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау» тақырыбында кафедра мәжілісі ұйымдастырылды, екіншіден, «ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау» мәселесі бойынша «Педагогика және психология» ББ бағдарламасының МК және ТК пәндер бойынша оқытушылардың біліктілік құжаттарына байланысты талдау жасалынып, әр оқытушыға біліктілік арттыру жоспарың жасау ұсынылды.

Сәуір айында жоспарланған шаралар қанағаттанарлық деңгейде жүзеге асырылды.

**АК торағасы:**



**С.Алимбекова**

**Хатшысы:**



**С.Паштанов**